



Құрметті студент!

2018 жылы «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B050600	«Экономика»	1. Экономикалық теория 2. Макроэкономика 3. Кәсіпорын экономикасы 4. Бухгалтерлік есеп

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - Экономикалық теория
 - Макроэкономика
 - Кәсіпорын экономикасы
 - Бухгалтерлік есеп
- Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
- Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Экономикалық теория

1. Экономикалық теорияның зерттеу әдістері:

- A) Экономикалық теорияны абстракциялық қарастыру
- B) Табысы шектелген нақты тұтынушыға көмек беру
- C) Экстраполяция (болжау)
- D) Экономика математикалық модельдеу
- E) Заңдар мен категориялар
- F) Айналым, төлем, қор жинау

2. Дедукция:

- A) Экономикалық теорияны абстракциялық қарастыру
- B) Заңдар мен категорияларды талдау
- C) Жеке фактілерден жалпы қорытынды шығару
- D) Жалпы функциональды бөлшектеу әдістері
- E) Жалпыдан жекеге, бүтіннен бөлшекке көшу
- F) Экономико – математикалық модельдер әдісі

3. Нарықтық экономикалық жүйеде негізделеді:

- A) Өнімді сұранысқа сай сату және өткізу
- B) Еркін кәсіпкерлік қызметке
- C) Меншік, бәсеке
- D) Экономиканың көптаралылық
- E) Өндірушілердің экономикалық тәуелділігі

4. Нарықтың мәні:

- A) Табыс пен шығындарды салыстыру негізінде қалыптастыру
- B) Өндіру, бөлу, айырбас, тұтыну және сатумен сатып алу арқылы жүзеге асырылатын ұйымдық-экономикалық қатыстар жүйесі
- C) Айырбас айналыс категориялары өзара тығыз байланысты және тұрмыстық деңгейде жай теңестіріледі
- D) Белгілі бір тауарлар мен қызметтерді, сатушылар мен сатып алушыларды бірге қосатын орын
- E) Өндірушілердің сатуға ұсынатын тауарларын ақша көмегімен айырбастау процесінде туындайтын экономикалық қарым-қатынастардың жиынтығы

5. Нарықтың кемшілігі:

- A) Нарық әлеуметтік қажетті тауарларды өндіруге емес, ол ақшасы бар елдің қажетін қанағаттандыруға бағытталған
- B) Шығындарды азайту және пайданы көбейту мақсатымен жаңа технологияларды оперативті қолданды
- C) Қоғамдық өндірісті әлсіз, икемсіз, қабілетсіз кәсіпкерлерден тазартады
- D) Қоғамда теңсіздікті туғызады
- E) Шешім қабылдауда, келісім жасауда өндірушілер мен тұтынушылардың тәуелсіздігін
- F) Тауарлар мен қызметтерді ұжымдасқан түрде өндіруге ынта тудырмайды
- G) Өзгеретін жағдайларға тез бейімделуі және икемделуі

6. Барлық экономикалық жүйелерді қалыптастырудың негізгі мәселесі:

- A) Өндірісті ұлғайту
- B) Инвестиция құю
- C) Натуралды шаруашылықты күшейту
- D) Қарым-қатынас
- E) Тауарлы шаруашылықты күшейту
- F) Тұтынушының ұсынысы
- G) Айырбас құны

7. Меншік:

- A) Заттың өзі
- B) Өнім өндіруге жалдамалы еңбеккерлерді пайдалану
- C) Тауар өндірушілердің экономикалық оқшаулығы
- D) Өндірушілердің тұйықтылығы
- E) Табиғи құбылыс

8. Тауарлы шаруашылықтың пайда болу шарттары:

- A) Нақты бір өнім өндірушілердің мамандануын білдіретін қоғамдық еңбек бөлінісі, шаруашылық өндірілген өнімнің айырбасқа (сатуға) түсуі
- B) Шаруашылық процестерін жүргізу арқылы шектеулі ресурстарды пайдаланатын өндірістік қатынастары
- C) Адамдардың материалдық жағдайын толығымен қамтамасыз ету үшін шектелген ресурстарды тиімді пайдалануы
- D) Ұлттық қаржы, қоғамдық табыс
- E) Тауар өндірушілердің экономикалық оқшаулануы
- F) Жеке меншіктің болуы

9. Қазіргі таңдағы қоғамдық өндірістің маңызды мәселелері:

- A) өндірістің экологиясын сауықтыру
- B) өндірістің тиімділігін арттыру
- C) қоғамдағы еңбек бөлінісі
- D) қызметкерлердің біліктілігін реттеу
- E) гуманизациялау мәселесі

10. Сұраным заңы әрекет етпейді:

- A) Нарықтағы сатып алушылар саны азайған жағдайда
- B) Нарықтағы сатушылар саны артқан жағдайда
- C) Сирек кездесетін, әрі қымбат тауарларды сатып алған жағдайда
- D) Сапасыз тауарлардың бағасы төмендеген жағдайда
- E) Субсидияларды арттырған жағдайда
- F) Тауарлар тапшылығы кезінде

11. Сұраныс:

- A) Сатып алушылардың белгілі уақыт аралығында бағасы анықталған тауарларды сатып алу қабілеттілігі
- B) Сұраныс ақшалай қамтамасыз етілген тұтынушының қажеттілігі мен сұраныс төлем қабілеттілігі
- C) Құндық тұрғыдан тауарлардың сапасын құрайды
- D) Белгілі уақыт аралығында бағасы анықталған тауарларды нарыққа сатуға ұсыну
- E) Өнімнің нақты бағасының тепе-теңдігі
- F) Сату мен сатып алу арасындағы тепе-теңдікті қалыптастыратын бағалар

12. Ақшаның атқаратын қызметтері:

- A) Бөлу, реттеу
- B) Дүниежүзілік ақша
- C) Айырбас құралы
- D) Құн өлшемі, құралы
- E) Ынталандыру, бақылау
- F) Төлем құралы, қазына жинау құралы

13. Меншік иесі табысының түрі:

- A) Ресурстар
- B) Дивидент
- C) Рента
- D) Тұтыну
- E) Ұтым

14. Тұрақты капитал:

- A) еңбек құралдарының құны
- B) өндіріс құрал-жабдықтарына жұмсалған капитал ("C")
- C) жұмыс күші, тауарды сатып алуға жұмсалған капитал («V»)
- D) айналмалы капиталдың бір бөлігі
- E) өндіріс құрал-жабдықтары мен жұмыс күшін сатып алуға кеткен капитал

15. Сыртқы шығын:

- A) Арендалық төлемге және тағы басқаларға жұмсалған ақша қаражаттары
- B) Өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады
- C) Таңдау мәселесі пайда болған жағдайда пайдаланылады
- D) Кәсіпорынның өзіне тиесілі ресурстарын (меншігін) тиімді пайдалану тәсілі арқылы фирманың болжамданған ақшалай қаражаты
- E) Кәсіпкерге кәсіпкерлік қабілеті үшін табыс әкеледі
- F) Ішкі жабдықтаушылар арқылы өндіріс факторларына жұмсалған ақшалай қаражаттары
- G) Бір қалыпты деңгейде тұрады

16. Өндіріс көлемінің өзгеруіне тәуелсіз бір қалыпты деңгейде төленетін тұрақты шығын:

- A) Бастапқы кезде өндіріс көлемінің ұлғаюымен қатар қарқынды ұлғайып отырады
- B) Қисығы өнім саны абциссасына перпендикуляр болады
- C) Өнім шығарылмаған уақытта нөлге тең болады
- D) Қисығы өнім саны абциссасына параллель болады
- E) Қисығы шығындар шамасы ординатасына параллель болады
- F) Өнім өндіру процесі басталмастан бұрын пайда болады
- G) Фирма еш нәрсе өндірмеген жағдайда да төленеді

17. Бұл қоғамның дамуы мен өмір сүруі үшін қажетті материалдық және рухани игіліктерді құру процесі:

- A) өндіргіш күштер
- B) құрылым
- C) өндіріс
- D) жұмыс күші
- E) жұмыс машинасы
- F) табиғи фактор

18. Өндіріс факторлар нарығы:

- A) Автомобильдер нарығы
- B) Жер нарығы
- C) Игіліктер нарығы
- D) Тауарлар мен қызметтер нарығы
- E) Азық-түлік нарығы
- F) Капитал нарығы
- G) Ақша нарығы
- H) Еңбек нарығы

19. Макроэкономикалық талдау объектісі:

- A) Фирма шығыны
- B) Тауар сатып алу кезінде тұтынушы таңдауы
- C) Жұмысбастылық
- D) ЖІӨ
- E) ЖҰӨ
- F) Фирма пайдасы
- G) Жеке экономикалық субъектілердің тәртібі

20. Автономды инвестициялар көздері:

- A) жалпы ұлттық өнім
- B) жиынтық ұсыныс
- C) жиынтық сұраныс
- D) инвестициялардан түсетін табыс
- E) ұлттық табыс өсімшесі
- F) үй шаруашылықтарының жинағы
- G) тұтыну шығындарының жиынтығы

21. Циклды классификациялаудың белгілі айқындамалары:

- A) Жеке шаруашылық циклдары және 5 жылдан бастап 10 жылға дейін
- B) Күрделі шаруашылық циклдары және 1 жылдан бастап 12 жылға дейін
- C) Жеке шаруашылық циклдары және 1 жылдан бастап 12 жылға дейін
- D) Н.Кондратьевтің циклдары немесе ұзақтығы 30-60 жылға созылған ұзын толқынды циклдар
- E) Н.Кондратьевтің циклдары немесе ұзақтығы 40-60 жылға созылған ұзын толқынды циклдар

22. Американ ғалым экономисі П.Самуэльсонның ойынша қоғамдағы еңбекке деген ұсыным мынадай факторлармен анықталады:

- A) Жалақы мөлшерімен
- B) Жұмысшының еңбекке қабілеттілігімен
- C) Жұмысшының жұмсайтын еңбегінің сапасы, саны және біліктілігімен
- D) Тұрғындардың хал ахуалымен
- E) Тұрғындардың жалпы санымен
- F) Қызметкердің ой өрісімен
- G) Күрделі шаруашылық циклдары

23. Валюта қолдану саласы мен тәртібіне қарай бөлінеді:

- A) Еркін конверсияланбайтын (толық қайтарымсыз)
- B) Шетел валютасын сату сатып алу операциясы
- C) Басқа шетел валютасына айырбасталмайды
- D) Басқа шетел валютасына айырбасталады
- E) Еркін конверсияланатын (толық қайтарымды)

24. Валюта курсының динамикасына әсер ететін факторлар:

- A) Ұлттық табыстың көлемі мен өндіріс шығындарының деңгейі
- B) Шетел валютасын сату сатып алу операциясы
- C) Тауар мен қызмет көрсету импорты
- D) Халық шаруашылығы экономикасын тұрақтандыру
- E) Инфляцияға қарсы саясат
- F) Қаржыны сауықтыру

25. Экономикалық өсудің қарқынымен сипатын келесі факторлар анықтайды:

- A) еңбек ресурстары
- B) өнімнің сапасының төмендеуі
- C) өнім проблемасының шешілмеуі
- D) уақыт тапшылығы
- E) шығындардың артуы
- F) бағаның құнсыздануы

Экономикалық теория
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Макроэкономика

1. Дж.М.Кейнстің ұстанымы:

- A) Экономика әр уақытта тепе-теңдікте болады
- B) Жиынтық ұсынысты ынталандыру
- C) Экономиканы дағдарыстан шығару
- D) Жеке мүддені абсолюттендіру, еркін қимылға экономиканы негіздеді
- E) Экономика ішкі (табиғи) заңдардың ықпалымен өзін-өзі реттейді

2. Макроэкономика зерттейді:

- A) Тау-кен кәсіпорындарының инвестициялық қызметін
- B) Билайн ұялы телефон операторының нарықтағы үлесін
- C) Нарықтағы жағымды және теріс сыртқы әсерлерді
- D) Елдің қаржы-салық жүйесі мен саясатын
- E) Жетілген бәсекелестік жағдайындағы фирмалардың іс-әрекетін
- F) Өндіріс факторларына табыстардың құрылуын

3. Экономикалық теориядағы макроэкономикалық талдауы:

- A) Ұлттық табыс шамасы
- B) Мемлекеттің өндіріс факторларының салааралық бөлінуіне қатысуы
- C) Баға деңгейін және оның өзгерісін анықтау
- D) Өндірушілердің игіліктерді өндіру көлемі мен тәсілдерін анықтауы
- E) Өндіріс факторларына бағаның құрылуы

4. Макроэкономикалық талдаудың негізгі мәселелеріне жатады:

- A) Толық жұмыспен қамтылу мен жұмыссыздық
- B) Тауар нарығында сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігі
- C) Ұлттық өндірістің өсуі немесе құлдырауы
- D) Өндірушінің шығынын мейілінше төмендету
- E) Инфляция деңгейінің өсуі немесе құлдырауы
- F) Монополистердің бағаны көтеруі

5. Ағымдарға кірмейді:

- A) Мемлекет бюджетінің артықшылығы
- B) Ұлттық байлық
- C) Мемлекет бюджетінің тапшылығы
- D) Ағымдағы жыл ішіндегі өндірістің мөлшері
- E) Мемлекеттік бюджет
- F) Белгілі күндегі ақша сомасы

6. Атаулы ЖІӨ көлеміне әсер етеді:

- A) Экспорт
- B) Тұтыну шығындары
- C) Бағалар деңгейінің динамикасы
- D) Тауарлар мен қызметтерді сатып алу мемлекеттік шығындары
- E) Импорт
- F) Нақты өндіріс көлемінің динамикасы
- G) Бағалар индексінің 1-ден төмен болуы

7. AD-ның бағадан тыс факторларына жатады:

- A) Ақша айналысының жылдамдығы
- B) Байлық салдары
- C) Пайыз мөлшерлемесінің салдары
- D) Ақша ұсынысы
- E) Салық мөлшерлемесінің өзгерісі

8. AS-тің бағадан тыс факторлары:

- A) Ақша айналысының жылдамдығы
- B) Бағалар деңгейі
- C) Фирмаларға салынған салықтар
- D) Ресурстарға бағалар
- E) Технологиядағы өзгерістер

9. AD қисығына қатысты қате тұжырымдар:

- A) AD қисығының көлбеуі теріс
- B) Қысқа мерзімде AD қисығы көлденең сызық
- C) AD қисығы төмен оңға бағытталған
- D) Ақша ұсынысы қысқарғанда, AD қисығы солға жылжиды
- E) AD қисығы P мен Y арасындағы тура тәуелділікті бейнелейді
- F) Бағалық факторлар AD қисығын оңға және солға жылжытады
- G) AD қисығының бойымен жылжу жиынтық сұраныстың жалпы баға деңгейі динамикасына байланысты өзгерісін бейнелейді

10. Кейнстің қарапайым мультипликатор үлгісі көрсетеді:

- A) Табыс өсімінің мемлекеттік шығын өсіміне қатынасын
- B) $1/1-b(1-t)$
- C) $\Delta Y/\Delta G$
- D) Салық өсімінің жинақ өсіміне қатынасын
- E) Табыс өсімінің инвестиция өсіміне қатынасын
- F) $1/1-b$

11. Кейнс кресі үлгісіндегі іс жүзіндегі өнім шығару көлемі Y_1 тепе-теңдік Y_0 көлемнен артса, онда:
- A) Тауарлы материалдық қор қысқарады
 - B) Жиынтық сұраныс жиынтық ұсыныстан кем болады
 - C) Фирмалар тұтынушылар сатып алуға дайын көлемнен аз шығарады
 - D) Қор жинақтары іс жүзіндегі инвестициялардан артық болады
 - E) Тауарлы материалдық қор өседі
 - F) Фирмалар өндіріс пен жұмысбастылықты ұлғайтады
 - G) Жиынтық сұраныс жиынтық ұсыныстан артық болады
12. Тұтыну функциясының графигіндегі көлбеулігі 45° болатын түзуде:
- A) Нақты және жоспарланған шығындар бір-біріне тең болады
 - B) Нақты инвестициялар мен қор жинау теңдігі сақталады
 - C) Инвестициялық сұраныстың өзгеруі байқалады
 - D) Жинақтау мен инвестициялар теңдігі бұзылады
 - E) Үй шаруашылығы шығыны мен табыстары бір-біріне тең болатын нүктелер анықталады
13. Ақша ұсынысын азайту туралы шешім қабылдау үшін Ұлттық банк:
- A) Есептеу мөлшерлемесін көбейтуі мүмкін
 - B) Ашық нарықта мемлекеттік облигацияларды сатып алуы мүмкін
 - C) Есептеу мөлшерлемесін азайтуы мүмкін
 - D) Ақша басып шығаруы мүмкін
 - E) Міндетті резервтер мөлшерлемесін арттыруы мүмкін
 - F) Кәсіпкерлік құрылымдарды қаржыландыруды арттыруы мүмкін
 - G) Міндетті резервтер мөлшерлемесін азайтуы мүмкін
14. Дж.М.Кейнс бойынша ақшаға сұранысты туындататын, өтемпаздыққа артықшылық берудің себепті уәждері:
- A) Делдалдық
 - B) Трансұлттық
 - C) Экзогенді
 - D) Сақтық
 - E) Трансакциялық
15. Коммерциялық банк қызметі:
- A) Кәсіпорынның ағымдағы шоттарын жүргізу
 - B) Қағаз-ақша белгілерін эмиссиялау
 - C) Есептік мөлшерлемені реттеу
 - D) Ақша нарығындағы тепе-теңдікті реттеу
 - E) Іскерлікті несиелендіру
 - F) Ақша ұсынысын реттеу

16. IS қисығын құруға негіз болатындар:

- A) Өте икемді жиынтық ұсыныс
- B) Кейнс кресі
- C) Бағалардың бекітілген деңгейі
- D) Мемлекеттік шығындар сырттан беріледі
- E) Ақша нарығындағы ақшаға сұраныс
- F) $JI\Theta = T\Upsilon\Theta = \Upsilon T$

17. Графикте LM қисығынан жоғары жатқан нүктелерде:

- A) Ақша ұсынысы оның сұранысынан көп
- B) Тауарлар мен қызметтерге сұраныс ұсыныстан артық
- C) Ұлттық табыс көлемі жоспарланған шығындардан кем
- D) Ақшаға сұраныс оған ұсыныстан көп
- E) Тауарлы- материалдық қордың өсуі байқалады
- F) Игіліктер нарығында артықшылық
- G) Ақшаға тапшылық байқалады

18. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі:

- A) Фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздық сомасы
- B) Фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздықтарының айырмасы
- C) Циклдық және құрылымдық жұмыссыздық сомасы
- D) Циклдық және фрикциондық жұмыссыздықтарының айырмасы
- E) Циклдық және құрылымдық жұмыссыздықтарының айырмасы
- F) NAIRU
- G) Фрикциондық және циклдық жұмыссыздық сомасы

19. Жұмыссыздықтың экономикалық –әлеуметтік салдары:

- A) Жұмыстан босап қалған жұмысшылардың біліктілігі жоғалады
- B) Жастар жұмыссыз қалады
- C) Жоғары оқу орнын бітіргендер жұмыссыз болады
- D) Халықтың сатып алу қабілеті төмендейді
- E) Толық кәсіпкерлікпен қамту орын алады
- F) Ауылда жұмыссыздық көбейеді
- G) Қылмыс жасауға қолайлы жағдай туындайды

20. Экономикалық іскерлік цикл:

- A) тұтынушы талғамының өзгерісі
- B) инфляцияның өзгеруін айтамыз
- C) сұраныстың өзгеруі
- D) жұмыспен қамтылу деңгейінің өзгеруі
- E) сұраныс қисығының өзгерісі
- F) ұсыныстың өзгеруі

21. Ағымдағы операциялар бойынша Қазақстан мемлекетінің балансында тапшылық болса:

- A) Экспорт көлемі қысқартылады
- B) Экспорт қаржыландырылады
- C) Экспорт көлемі ұлғайтылады
- D) Фиксалдық саясат жүргізіледі
- E) Тапшылық қаржыландырылады
- F) Ауыспалы валюта бағамы көтеріледі

22. Ашық экономикада макроэкономикалық саясаттың мақсаты:

- A) Сауда балансының жай-күйін бейнелеу
- B) Ауыспалы валюта бағамын көтеру
- C) Жұмыспен толық қамтуға және төлем балансының нөлдік сальдосына қол жеткізу
- D) Тіркелген валюта бағамы жағдайында капиталдың абсолютті икемділігі
- E) Бейрезиденттерге тауар мен қызмет сатудан түсетін барлық түсімді көрсету
- F) Ішкі макроэкономикалық реттеулер

23. Шағын ашық экономикаға қатысты пікірлері дұрыс:

- A) Импорттың мөлшері импорттауға шекті бейімділікке тәуелді
- B) Ұлттық жинақ ақша инвестицияға тең болады
- C) Импорттың мөлшеріне тәуелді
- D) Жабық экономика шығысы мультипликатор мөлшеріне тең
- E) Таза экспорттың мөлшері ұлттық кіріске тәуелді
- F) Инвестициялар мөлшері әлемдік пайыз мөлшерлемесіне тәуелді
- G) Сауда балансының сальдосы міндетті түрде нөлге тең
- H) Таза қызметтер мен таза ағымдағы трансферттер оң мөлшерді құрайды

24. Егер неміс маркасының долларға шаққандағы бағасы (1 марка) 50-ден 45 центке түссе, онда Германияда бағасы 150 маркамен сатылатын магнитофонның құны (доллармен) қалай өзгереді?

- A) 7,50 долларға азаяды
- B) 8 долларға түседі
- C) 15 долларға өседі
- D) Әр маркадан 5 центке кемиді
- E) 15 долларға арзандайды

25. А елінде капиталдың шекті өнімділігі $1/5$, ал В елінде – $1/3$. Тұтынуға шекті бейімділік екі елде де бірдей. Домар үлгісі бойынша нақты өнім өндірудің өсу қарқыны А елінде:

- A) В еліндегі өсу қарқынының 60%-ын құрайды
- B) В елінің өсу қарқынынан 40% төмен
- C) В еліндегі өсу қарқынының $3/5$ бөлігін құрайды
- D) В еліндегі өсу қарқынынан 60% артық
- E) В еліне қарағанда 1,67% есе жоғары
- F) В еліне қарағанда 13% төмен
- G) В еліне қарағанда 45% төмен

Макроэкономика
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Кәсіпорын экономикасы

1. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының негізгі міндеттері:

- A) ірі кәсіпорындарға қаржылай көмек көрсету
- B) кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету
- C) кәсіпкерлік секторды сауықтыру
- D) кәсіпкерлік әлеуетті күшейту
- E) экспорт пен импорттың ара салмағын теңестіру
- F) ұлттық қордың көлемін ұлғайту
- G) олигополиялық кәсіпорындарға қолдау көрсету

2. Минералдық-шикізаттық кешеннен жоғары технологиялы өнеркәсіптік өндіріске табыстарды салу жолымен өндірісті әртараптандыруға және экспортқа бағытталған тұжырымның негіздері:

- A) Баға
- B) Мемлекеттік жүйе
- C) Бәсекелестікке қабілеттілік
- D) Жеке меншік
- E) Ұсыныс
- F) Сұраныс

3. Өндірістік кәсіпорынның маңызды міндеттері:

- A) кәсіпорын персоналдарын жалақымен қамтамасыз ету қалыпты, еңбек жағдайын қалыптастыру дұрыс болуы және кәсіби осу мүмкіндіктерін қарастыру
- B) персоналды басқару менеджменті
- C) өнеркәсіп потенциалын қуаттылығы бойынша кәсіпорындарды жіктеу
- D) мемлекеттік стандарттарды және нормаларды әзірлеу
- E) тарихи деректерді зерттеу

4. Өнеркәсіптік кәсіпорынның функциялары:

- A) мемлекеттік заңдарды, нормативтер мен стандарттарды орындау
- B) салықтарды төлеу
- C) өндірісті автоматтандыру
- D) тұтынушыдан өнімді алу
- E) тұтынушыға өнімді жеткізу және сату

5. Қоғамдық өндірістің экономикалық тиімділігінің маңызды көрсеткіштері:

- A) өзіндік құны
- B) экономикалық өрісі
- C) нормативтік коэффициенті
- D) еңбек сыйымдылығы
- E) шығын түрлері
- F) өнім көлемі

6. Өндіріс тиімділігін арттыру жолдары:

- A) еңбек сыйымдылығын арттыру
- B) өндіріс циклінің ұзақтығын арттыру
- C) айналым санын төмендету
- D) инвестициялық саясатты тежеу
- E) еңбек өнімділігін арттыру
- F) өнімнің қор сыйымдылығын төмендету

7. Негізгі капиталға жататындар:

- A) жұмысшы күші
- B) жер телімдері
- C) отын
- D) дайын өнім
- E) шикізаттар

8. Негізгі құрал-жабдықтарды пайдалануды талдау үшін қолданылатын көрсеткіштер:

- A) шығынның өсу коэффициенті
- B) қор сыйымдылығы
- C) айналымның жүктелу коэффициенті
- D) айналымдылық коэффициенті
- E) қормен жаратқандырылуы
- F) бір айналымның ұзақтығы
- G) интенсивті жұмыс істеу коэффициенті

9. Өнеркәсіпте пайдаланылатын пайдалы қазбалар топтары:

- A) Жанбайтын қазбалар
- B) Минералды пайдалы қазбалар
- C) С санатты қорлар
- D) Металл емес пайдалы қазбалар
- E) В санатты қорлар
- F) А санатты қорлар
- G) Жанатын қазбалар

10. Айналым қорларының негізгі қордан ерекшелігі:

- A) бірнеше өндірістік циклге қатысады
- B) олардың құны өндірілген өнімге біртіндеп ауысып отырады
- C) сапалық тозуға ұшырайды
- D) бір өндірістік циклде толығымен тұтынылады
- E) өзінің табиғи – заттық нысанын өзгертеді
- F) табиғи тозуға ұшырайды
- G) олардың құны дайын өнімге толығымен ауысады

11. Дайын өнімді ақша қаражатына жылдам айналдырудың жолдары:

- A) арзан бағамен запастарды сатып жіберу
- B) өнімді өткізудің жоспарын жетілдіру
- C) көтерме баға арқылы және сатып алушыға тиімді бағамен сату
- D) өнімді алдын ала төлеу шарты арқылы өткізу
- E) дайын өнімді бөліп төлеу шартымен сату
- F) сатуға ыңғайлы уақыт келгенін күте тұру
- G) екінші деңгейлі банктерден қарыз алу

12. Өнімді шығару көлемін өлшеу бірлігіне байланысты өндірілімді анықтау әдістері:

- A) кәсіптік
- B) құндық
- C) натуралдық
- D) өнеркәсіптік
- E) соңғы
- F) өндірістік
- G) еңбектік

13. Жұмысшылар:

- A) біліктілік деңгейі жоғары мамандар
- B) экономикалық жұмыстарды іске асырады
- C) инженерлік-техникалық жұмыстарды іске асырады
- D) өнімді өндіру процесімен тікелей айналысады
- E) басқарушылық қызметтерді іске асырады
- F) әкімшілік-шаруашылық қызметтерді іске асырады

14. Кесімді еңбекақы:

- A) еңбек өлшемі жұмыс істеген уақытқа байланысты
- B) еңбек жағдайына байланысты
- C) еңбекақы кесімді баға қоюдан шығарылған өнімнің саны мен сапасына байланысты болады
- D) еңбек өлшемі орындалған жұмыс көлеміне байланысты
- E) қызмет көрсетуге кеткен уақытқа байланысты
- F) өнім бірлігінің кесімді бағаламасымен анықталады

15. Мерзімдік еңбекақы:

- A) тарифтік мөлшерлемеге сәйкес есептеледі
- B) жоғары бағалама бойынша қарастырылған жүйе
- C) еңбекақы кесімді баға қоюдан шығарылған өнімнің саны мен сапасына байланысты болады
- D) нақты жұмыс істеген уақытына айлықпен есептеледі
- E) еңбек өлшемі жұмыс істеген уақытқа байланысты
- F) еңбек өлшемі орындалған жұмыс көлеміне байланысты

16. Қаржылық инвестициялар:

- A) акция сатып алу
- B) күрделі құрылысқа салым салу
- C) бағалы қағазды сатып алу
- D) жаңа техника мен және құрал жабдықтар сатып алу
- E) өндірісті кеңейтуге қаражат бөлу
- F) облигация сатып алу

17. Инвестициялық жобалардың тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштер:

- A) рентабельділік
- B) еңбек өнімділігі
- C) қор қайтарымдылығы
- D) табыстылықтың ішкі мөлшерлемесі
- E) келтірілген шығындар индексі

18. Өндіріс шығындарын азайтудағы техникалық және экономикалық факторларын топтары:

- A) өндірістік циклдің ұзақтығын қысқарту
- B) өндірістің техникалық деңгейін көтеру
- C) технологиялық операциялардың орындалу мерзімін жүргізу
- D) өнімнің көлемін және құрамын өзгерту
- E) өндірісті ұйымдастыру және еңбек жағдайын жақсарту

19. Өнеркәсіпте өнімнің өзіндік құнына баға беруде қолданылатын көрсеткіштер:

- A) өзіндік құнның элементтері бойынша шығындары
- B) цехтардың, учаске мен жұмыс орындарының технологиялық жағынан мамандандырылуы
- C) тауарлы өнімнің толық өзіндік құны
- D) өнімнің белгілі бір бөлігін дайындау
- E) алғашқы капитал салымдары мен айналым қаржылары
- F) техникалық қамтамасыз ету қызметтерін орталықтандыруға арналған шығындар
- G) қолда бар арнайы жабдықтарды қайта құруға арналған шығындар

20. Маркетингтің негізі қызметі:

- A) айналмалы қор мөлшерлерін сапалы түрде пайдалана білу
- B) еңбек өнімділігінің құндық көрсеткіштерін анықтау
- C) аяқталмаған өндірісте айналмалы қаражат нормативін қарастыру
- D) өткізу операцияларын маркетингтік жоспарлау
- E) қызметкерлердің тізімдік санын анықтау
- F) нақты нарықтың (рынокты) мәселелерін, келешектігі мүмкіндіктерін кешенді түрде зерттеу

21. Өндірістік циклдің ұзақтығын қысқартудың жолдары:

- A) жалпы көлемі өндіріс көлемі мен өнім өткізілуіне және шығындардың құрылымына тікелей байланысты шығындарды есептеу
- B) қазіргі жағдайдағы баға индексі есептегендегі машиналар мен құрал-жабдықтар құнын есептеу
- C) шығарылатын өнімдер конструкциясы және өндірісті ұйымдастыруды жетілдіру
- D) өндірістік процесті кешенді механикаландыру мен автоматтандыру, өндірістің толассыз жұмыс істеуін арттыру
- E) технологиялық бақылауға озық әдістерді енгізу және оны технологиялық операциялардың орындалу мерзіміне сәйкес жүргізу

22. Бәсекеге қабілеттіліктің бағадан тыс факторлары:

- A) жарнама
- B) тауарды сатқаннан кейінгі қызмет көрсету
- C) тауар мен қызметтің бағасын түсіріп сату
- D) шикізатты арзан бағаға сатып алу
- E) жаңа технологияны пайдалану
- F) логистиканы тиімді ұйымдастырудың арқасында шығынды азайту
- G) негізгі қорды уақтылы жаңартып отыру

23. Табыстылық көрсеткіштерін талдау міндеттері:

- A) өнім бағасын анықтау, кәсіпорынның өндірістік қуатының өзгеру нұсқаларын есептеу
- B) қосымша табыс алатын жағдайларды қарастыру
- C) тұрақты табыс қатарына жатқызылған жеке баптар бойынша өнім шығару
- D) табысты бөлу бағыттарын, пропорцияларын және тенденцияларын зерттеу
- E) табыстылықтың абсолютті көрсеткіштерінің жоспарының орындалуын бағалау
- F) өнім өткізуден түсетін табыс сомасын есептеу

24. Өндірістік функцияның негізгі ортақ қасиеттері:

- A) өндірістік функция факторлардың әрбір берілген үйлесімінде өнімнің максималды көлемін шығаруды сипаттайды
- B) өндірісте қолданатын белгілі бір факторлар тұрақты болмаса, онда басқа бір фактордың көлемін өзгерту арқылы өнім көлемін арттырудың шегін анықтайды
- C) өндіріс көлемі қолданылатын ресурстардың көлеміне, сапасына байланысты
- D) өндірістік функция өндіріс факторларының тек технологиялық жағынан тиімді үйлесімділіктерін ғана сипаттайды
- E) белгілі бір өнім көлемін шығару үшін қолданылатын факторларды бір бірімен алмастыруға және толықтыруға болмайды

25. Кәсіпорынның қаржылық жоспарында жұмсалымдар мен қаражаттың шығысы қарастыратын баптар:

- A) амортизациялық аударымдар
- B) кәсіпорынның мүлкін жалға беру
- C) өнімді өткізу, қызмет көрсету
- D) таза пайданы бөлу
- E) кәсіпорынның негізгі қорын өткізу

Кәсіпорын экономикасы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Бухгалтерлік есеп

1. Қаржылық есептіліктің сапалық сипаттамасы:

- A) кезеңділік
- B) шынайылық
- C) қол жетімсіздік
- D) түсініктілік
- E) үздіксіздік

2. Активтер:

- A) алдағы кезең кірістері
- B) алынған аванстар
- C) кредиторлық берешек
- D) банк қарыздары
- E) негізгі құралдар
- F) жарғылық капитал

3. Баланс құрылымы тұрады:

- A) бес бөліктен
- B) үш бөлімнен
- C) төрт бөліктен
- D) бес бөлімнен
- E) баптардан

4. Өндірістік есептің шоттары:

- A) 1010
- B) 1040
- C) 8210
- D) 8310
- E) 8110

5. Міндеттеме шоттары:

- A) шикізаттар мен материалдар
- B) сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді берешегі
- C) қарапайым акциялар
- D) алдағы кезең кірістері
- E) алдағы кезең шығындары
- F) эмиссиялық кіріс

6. Бастапқы құжаттарды өңдеу кезеңдері:

- A) біртектестікке жатқызу, есеп регистрларына жазу
- B) құжаттардың мазмұнын тексеру
- C) мұрағатқа өткізу
- D) операциялардың заңдылығын тексеру
- E) мазмұнын тексеру, бағаға айналдыру

7. Банктік шот ашу үшін кәсіпорын ұсынады:

- A) басқарушы мен бухгалтердің қолдарының үлгілері бар құжатты
- B) бухгалтердің жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін
- C) қолма қол ақшаны салуға өтініштің нотариалды куәландырылған көшірмесін
- D) есептік саясаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін
- E) кассирдің жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін

8. Негізгі өндіріс шығындарының жіктелуі:

- A) бағам айырмашылығы
- B) жүкқұжат шығыстары
- C) активтердің құнсыздануы бойынша шығыстар
- D) еңбекті өтеу
- E) корпорациялық табыс салығы бойынша шығыстар
- F) бағам айырмасы бойынша шығыстар

9. Ақша эквиваленттері:

- A) Жинақ шоттарындағы қаражаты
- B) Овердрафт
- C) Карт - шоттардағы ақша қаражаты
- D) Коммерциялық қағаздар
- E) Депозиттік сертификаттар

10. Іс-сапар аяқталған соң жауапты тұлға өткізетін құжаттар:

- A) Кіріс ордері
- B) Аванстық есептер
- C) Төлем тапсырмасы
- D) Бұйрық
- E) Қабылдау – тапсыру акті

11. 1250 шоттың дебеті:

- A) күмәнді берешек
- B) материалдық зиянның орнын толтыру бойынша сомалар
- C) жұмыскерлерге берілген қарыздар
- D) есеп беруге тиісті тұлғаға берілген сомалар
- E) банктен несиеге алынған сомалар
- F) құрылыс бойынша шығындардың орнын толтыру бойынша сомалар
- G) сатып алушылардың берешегі

12. Қорлар:

- A) Ғимараттар және құрылыс, құрылғылар
- B) Аяқталмаған құрылыс
- C) Дайын өнім, тауарлар
- D) Негізгі және көмекші өндірістер
- E) Шикізат пен материалдар
- F) Қаржылық инвестициялар, ақша қаражаттары
- G) Аяқталмаған өндіріс

13. Қаржылық есептіліктің нысандары:

- A) Ақша қаражаттары қозғалысы туралы есептілік
- B) Жұмыстың орындалғаны туралы акт
- C) Салықтық декларациялар
- D) Кіріс және шығыс кассалар ордерлері
- E) Төлем-талап тапсырмасы
- F) Бухгалтерлік баланс
- G) Пайда және зиян туралы есептілік

14. Негізгі құралдарға жөндеу жүргізу тәсілдері:

- A) Жеңіл-желпі
- B) Мердігерлік
- C) Толық және ішінара
- D) Мердігерлік және шаруашылық
- E) Кешенді
- F) Ағымдағы
- G) Шаруашылық

15. Негізгі құрал:

- A) Болжау циклі барысында қызмет ететін материалдық активтер
- B) Бір немесе бірнеше мерзімде өндірісте қолданылатын материалдық актив
- C) Келешекте табыс келтіретін активтер
- D) Материалдық заттық формасы жоқ материалдық активтер
- E) Бір жылға дейінгі жабылатын субъектілердің міндеттемелері
- F) Шаруашылық серіктестіктегі салымшылардың салымы

16. Халықаралық тәжірибеде қолданылатын жалдаудың түрлері:

- A) Франко
- B) Хайринг
- C) Эмитент
- D) ФИФО
- E) Лизинг
- F) Чартер

17. Пайдаланылмаған демалыс үшін өтемақы есептегенде алатын кезең:

- A) өткен 6 айды
- B) алдыңғы 1 айды
- C) өткен 1 жылды
- D) өткен 11 айды
- E) өткен соңғы айды
- F) алдыңғы 12 айды
- G) өткен 3 айды

18. Материалдық зиянның орнын толтыру үшін еңбекақыдан ұстау:

- A) қолма-қол ақшамен төлеу
- B) касса арқылы
- C) сот шешімі бойынша
- D) қызметкерлердің өтініші бойынша
- E) банк арқылы
- F) кәсіпорынның бұйрығы бойынша

19. Нарықтық экономика жағдайында несие:

- A) банк несиесі
- B) шетел валютасы түріндегі несиелер
- C) қайтарымдылық, төлем және мерзімділік шарттары бойынша
- D) банктен тыс мекемелер несиелері
- E) бір заңды тұлғаның екінші бір заңды тұлғаға келісілген мөлшерде пайыз, өсім алу үшін белгілі бір уақытқа қаржылай беруге байланысты
- F) коммерциялық несие

20. Статистикалық есеп:

- A) экономика, мәдениет, білім беру және т.б. салалардағы көпшілік сипаттағы құбылыстарды зерттейтін есеп
- B) әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды, олардың сандық көрінісінде сапалық сипаттамасымен және олардың нақты болған жері, уақыт жағдайында дамуының заңдылықтарын анықтай отырып қорытындылау және зерттеу
- C) шауашылық процестері мен құбылыстарын оларды тікелей жүзеге асыру барысында бақылау жасау
- D) шаруашылық құбылыстарының сандық жағын сапалық жағымен байланыстыра отырып, заттық көрсеткіштермен, ақшалай түрде бухгалтерлік ақпараттын жалпылама, үздіксіз, құжатты негізделген және өзара байланыстыра тіркеу
- E) шаруашылық операциялары мен процестерін олар жасалып жатқан кезде қадағалауға және бақылауға арналған
- F) басшылық пен басқарманы деректермен қамтамасыз етудің жылдамдығы мен жеделдігі

21. Капитал көздері:

- A) тартылған капитал
- B) бюджеттік есеп қорлармен есеп айырысу
- C) займдар
- D) жабдықтаушылар және мердігерлермен есеп айырысу
- E) еңбекақы төлеу бойынша есеп айырысу
- F) салық бойынша бюджетпен есеп айырысу
- G) жарғылық капитал

22. Меншікті капитал:

- A) Активтері және пассивтері қосындысы
- B) Кәсіпорын мүліктері және олардың қалыптасу көздері
- C) Иесінің үлесінде қалатын капитал
- D) Міндеттемелері мен ақша қаражаттары
- E) Барлық міндеттемелері шегерілген активтері
- F) Фирманың мүліктері
- G) Актив пен пассивтің айырмасы

23. Негізгі өндіріс шығындары:

- A) акция бойынша дивиденттен түрінде
- B) өнім өткізуден
- C) табыстан минус салық
- D) атқарушы үкімет органдарының субсидиясы
- E) көрсеткен қызметтен
- F) таза табыс
- G) бағам айырмашылығынан

24. Ақша қаржаттары қозғалысын жасауда қолданылатын әдістер:

- A) Тікелей
- B) Негізгі және көмекші
- C) Негізгі және үстеме
- D) Қосымша
- E) Негізгі және жанама
- F) Жанама

25. Ақша қаражаттары туралы есептілік:

- A) дебиторлық берешек
- B) негізгі емес қызметтен түскен ақша түсімдері
- C) пайдаланушыларға ақша қаражаттары туралы, ақша ағыны туралы ақпараттарды тапсыру
- D) ақша қаражаттары мен олардың баламаларының түсуі мен жұмсалынуы
- E) компанияның қызметінің нәтижелері туралы

**Бухгалтерлік есеп
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**